

6. Электронды кітапхананы пайдалану ережесі

- 6.1 Электронды кітапхана – оқырмандардың ыңғайлы жұмыс аймағына бөлінген үлкен зал. Мультимедиалық, Интернетпен жұмыс, графикалық бағдарламалар, электронды ресурстар, электронды каталогтар және деректер қорына (Thomson Reuters, Springer, Scopus, Elsevier Science Direct, Республикалық жоғары оқу орындары аралық электрондық кітапханасы (РЖОЭҚ (Қазақстан), «ЗАҢ», Polpred деректер қоры).
- 6.2 Электронды кітапханада оқырмандар кітапханашы-менеджерге оқырман студенттік билетін көрсетеді және журналға жазылады.
- 6.3 *Оқырмандарға рұқсат етілмейді:*
- компьютер алдында жұмыс жасағанда тағам және сусын әкелуге;
 - сырт киіммен отырып жұмыс жасауға;
 - компьютер жабдықтарын өздігінен қосуға және өшіруге;
 - телефонмен сөйлесуге.
 - Компьютер жабдықтарын рұқсатсыз алып кетуге, ұрлауға.
- 6.4 *Оқырмандар міндетті:*
- ақпараттық қауіпсіздік ережесін сақтау үшін ақпарат тасымалдағыштарды (флешка, дисклер) пайдаланғанда «вирусқа» тексеруге;
 - телефонды өшіруге немесе дыбыссыз режимге ауыстыруға;
 - электронды кітапханада тыныштық сақтауға;
 - электронды кітапхананың мүлкін (жабдық, техника, жиһаз және т.б.) бүлдірген жағдайда толық төлемін қалпына келтіруге;
- 6.5 Кітапхана әкімшілігі және электронды кітапхана залының қызметкерлері оқырмандардың қараусыз қалған жеке заттарына жауапты емес.
- 6.6 Жоғарыда көрсетілген ережелер сақталмаған жағдайда оқырманға электронды кітапханада қызмет көрсетілмейді.